

Ақпараттық қауіпсіздік қатерлері туралы жұртшылыққа ұсынымдар

1. Ақпараттық қауіпсіздік комитеті жеке деректер сақталуын арттыру үшін аса қажет болмаған жағдайда оларды Интернетке қол жетімділік нүктесі Wi-Fi жалпы қол жетімді құралдарымен жібермеуді бұлтартпай ұсынады.

2. Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Интернетте қаржылық операцияларды жүзеге асыру кезінде Интернетке Wi-Fi ашық қол жетімділік нүктелеріне қосылмай, Сіздің байланыс операторыңыз арқылы қосылуларды пайдалануды бұлтартпай ұсынады.

3. Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Интернетке қосылған құрылғыларды қорғау үшін вирусқа қарсы бағдарламаны, веб-браузерді және операциялық жүйені уақытылы жаңартуды бұлтартпай ұсынады.

4. Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Сіздің балаларыңыздың Интернеттегі жеке ақпаратын қорғауды бұлтартпай ұсынады, сондай-ақ Интернетке қосылған құрылғыларда «Ата-аналар бақылауы» сервисін қолдануға кеңес береді.